

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Көші-қон мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссияны құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 82 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.22. N 407 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы және мәтініне өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.28. N 395 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Көші-қон мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Көші-қон мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 6

қ а ң т а р д а ғ ы

N

8 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Көші-қон мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамы

Ескерту. Тақырыбына, құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.28. N 395 қаулысымен.

Қарақұсова

Гүлжан Жанпейісқызы

төрайым

Әбдиев

Жазбек Ниетұлы

орынбасары

- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі,

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің төрағасы, төрайымның

Бисембаева	- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
Бағила Мүбәракқызы	әлеуметтік қорғау министрлігінің
	Көші-қон комитеті төрағасының орынбасары,
хатшы	
Досжан	- Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Ардақ Дүкенбайұлы	ақпарат және спорт вице-министрі
Тұңғышбеков	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Санат Тұңғышбекұлы	министрлігі Ауылдық аумақтар істері
	комитетінің төрағасы
Сизов	- Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын
Александр Павлович	басқару агенттігі төрағасының бірінші
	орынбасары
Ысқақов	- Қазақстан Республикасы
Ержан Сағиұлы	Премьер-Министрінің Кеңсесі
	Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің бас
	сарапшысы
Пістаев	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Марат Құрманәлиұлы	министрлігі Көші-қон полициясы
	департаментінің бастығы
Қалетаев	- Қазақстан Республикасы Президентінің
Дархан Аманұлы	Әкімшілігі Әлеуметтік-саяси бөлімінің
	меңгерушісі (келісім бойынша)
Диқанбаева	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Сәуле Әлкейқызы	сақтау вице-министрі
Зверьков	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Вадим Павлович	вице-министрі
Исаев	- Қазақстан Республикасының Экономика және
Батырхан Арысбекұлы	бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Нұриманов	- Қазақстан Республикасының Ұлттық
Мақсұт Әнуарбекұлы	қауіпсіздік комитеті төрағасының
	орынбасары (келісім бойынша)
Ойнаров	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-
Азамат Рысқұлұлы	министрі
Шәмшидинова	- Қазақстан Республикасының Білім және
Күләш Ноғатайқызы	ғылым вице-министрі
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң	

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Көші-қон мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссия туралы ереже

Ескерту. Тақырыбы және мәтініне өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.28. N 395 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Көші-қон мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

- 1) көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру;
- 2) көші-қон саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

4. Комиссияның функциялары оған жүктелген міндеттерге сәйкес:

- 1) көші-қон саласындағы істің жай-күйіне талдау жасау;
- 2) көші-қон саласындағы мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдар қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 3) көші-қон мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен және халықаралық ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл және ынтымақтастық саласында жәрдемдесу;

4) көші-қон саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін хабардар ету болып табылады.

5. Комиссияның:

- 1) орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;
- 2) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеуге және

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізуге;

3) тиісті мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен отырыстар өткізуге құқығы бар.

3. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

6. Комиссияны төраға басқарады, ол оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссияның отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауап береді. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасар орындайды.

7. Комиссияның құрамы мемлекеттік органдар өкілдерінен қалыптастырылады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.28. N 395 қаулысымен.

9. Комиссияның жұмыс органы:

- 1) Комиссия отырысының күн тәртібін жасайды;
- 2) Комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 3) Комиссия мүшелерінің және оның қызметіне тартқан мамандардың жұмысын үйлестіреді.

10. Комиссия отырысында қаралатын мәселелер тізбесі қажеттілігіне қарай жасалады және оны төраға бекітеді.

11. Бекітілген тізбе Комиссия мүшелеріне тізім бойынша жіберіледі.

12. Комиссия отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі. Отырысқа Комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда ол заңды деп есептеледі.

13. Комиссияның шешімдері Комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауысы тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

14. Комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.